

БӨЛІМ: ЖАҢАЛЫҚТАР

Оқу-ағарту министрлігінің осы аптадағы басты жаңалықтарына қысқаша шолу

ЖАРИЯЛАНДЫ
12.02.2023

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/131678/>

□ ҚР Оқу-ағарту министрі Қоғамдық кеңес мүшелерімен кездесті. Отырыс барысында білім беру және балалардың құқықтарын қорғау саласындағы өзекті мәселелер айтылды.

□ Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың екінші кезеңі қорытындыланды. Оған еліміздің 219 ауданынан (қалаларынан) 82 мыңнан аса оқушы қатысып, үшінші кезеңге 15 616 оқушы өтті.

□ Буллингтің алдын алу ережелері бойынша түсіндіру жұмыстары жеті мыңға жуық мектеп пен колледжді қамтиды. Ақпараттық шаралар еліміздің бірнеше өңірінде басталып кетті.

□ XIX Халықаралық Жәутіков олимпиадасының қорытындысы шықты. Қазақстандық оқушылар 66 медаль жеңіп алды.

□ Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында білікті мамандардың қатысуымен орта білім беруді жетілдіру жұмысы басталды. Бір ай ішінде педагогтер оқу бағдарламаларының мазмұнына түзетулер енгізетін болады.

□ ҚР Оқу-ағарту министрі мұғалімдермен кездесіп, білім беру саласындағы өзекті мәселелерді талқылады.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.